1	<p>1. Мектеп пен сыныптардың санитарлық жағдайы, техникалық бөлшеңің іске асыруы, мектеп асханасының дайындығы (Г.Ж.Тагаева-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары).</p> <p>2. 9 сынып бітірушілердің оқуға түсуі мен жұмыспен қамтылуы туралы (К.Алимханов -директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары).</p> <p>3. Оқушылардың оқулықтармен қамтамасыз етуі туралы (К.К.Кумарсағитова – мектеп кітапханашысы).</p> <p>4. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің мүшелерін тағайындау туралы (Г.Ж.Тагаева -директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары).</p> <p>5. Бракертаж комиссия мүшелері құрамына өзгеріс енгізу туралы (Г.Ж.Тагаева -директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары).</p> <p>6. Оқушылардың жеке іс-қағаздарының жағдайы. Жаңа оқу жылына арналған сынып жинақтары туралы (Б.Бүршімбаев-іс-жүргізуші).</p> <p>7. Күнделік жэ. Бойынша тақырыптық-күнделік жэ. жоспарларды енгізу, сабақ кестесін жүргізу (Д.Б.Уиуспанова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары).</p>	Қыркүйек	<p>тәрбие ісінің меңгерушісі</p> <p>Оқу ісінің меңгерушісі</p> <p>Кітапханашы</p> <p>тәрбие ісінің меңгерушісі</p> <p>тәрбие ісінің меңгерушісі</p> <p>Оқу ісінің меңгерушісі</p> <p>Оқу ісінің меңгерушісі</p>
2	<p>1. Бірінші тоқсан бойынша «Күнделік» жэ. электронды журналының жұмысы туралы (Д.Уиуспанова-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары).</p> <p>2. Ұлттық білім беру деректер қоры (Алимханов К.Т.-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары).</p> <p>3. 11 – сыныптардың қорытынды аттестаттауға дайындық жұмысын ұйымдастыру, консультанттардың кестесін жасау, тандау пәндерін анықтау (Алимханова К.Т.-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары)</p> <p>4. 1-11 сыныптарда оқытқыштың пәндерін өткізілу деңгейін бақылау.</p>	Қазан	<p>Оқу ісінің меңгерушісі</p> <p>Оқу ісінің меңгерушісі</p> <p>Оқу ісінің меңгерушісі</p> <p>Оқу ісінің меңгерушісі</p>

	3. Оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарының жоспарына сәйкес үйірмелер, секциялармен жұмыс туралы (Тагаева Г.Ж - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)		тәрбие ісінің меңгерушісі
3	1. 1 – 11 сыныптарда оқытылатын пәндердің өткізілу деңгейін бақылау (адістемелік кеңес және комиссия мүшесі) 2. 5 – сынып оқушыларының орта буында бейімделуі (мектеп психологі А.М.Қанаева)	Қараша	Оқу ісінің меңгерушісі Тәрбие ісінің меңгерушісі
4	1. Мектептің санитарлық – гигиеналық және жылу режимінің сақталуы (мейіргер Е.Е.Турлыханов) 2. Оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарының (үйірмелер мен секциялар) жоспарын орындау (директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева) 3. 1-11 сыныптарда оқытылатын пәндердің өткізілу деңгейін бақылау (Д.Б.Утұспаева, К.Т.Ашимханов, адістемелік кеңес және комиссия мүшелері) 4. Пайдаланылатын су, электр, жылу көздерінің өсеттегіні аппараттарының жұмыс жасауын бақылау (директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Лабанов) 5. Оқу кабинеттерінің талапқа сай бекетірілуі (Г.Ж.Тагаева директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)	Желтоқсан	Директордың шаруашылық ісінің меңгерушісі, мейіргер тәрбие ісінің меңгерушісі Оқу ісінің меңгерушісі Директордың шаруашылық ісінің меңгерушісі тәрбие ісінің меңгерушісі
5	1. 1-сынып оқушыларының мектепте бейімделуі (мектеп психологі А.М.Қанаева) 2. 1-11 сыныптарда оқытылатын пәндердің өткізілу деңгейін бақылау (адістемелік кеңес және комиссия мүшесі) 3. 9-сыныптардағық қорытынғы нәтижелерін бағалау жұмысын ұйымдастыру, консультанттардың жетекші жасау, тиісінше пәндерін шығару	Қытар	Психолог Оқу ісінің меңгерушісі Оқу ісінің меңгерушісі

	(Ашимханов К.Т. директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары). 4. 2022-2023 оқу жылының I жартыжылдығында ЖБББ бағытында қолдалып, аз қамтылған, қолайсыз отбасынан шыққан балалармен жұмыс жүргізу және көмек көрсету туралы (Тагаева Г.Ж. директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары).		Тәрбие ісінің меңгерушісі
6	1. Спорт секцияларының жүргізу жағдайы (директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева). 2. I сынып оқушыларының мектепке бейімделуі мен 5 сынып оқушыларының орта буында бейімделуі туралы (мектеп психологы А.М.Қапанова). 3. Кәсіптік бағдар беру жұмысы туралы (директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Ашимханов). 4. Оқушылардың санитарлық-гигиеналық талаптарын тексеру қорытындысы туралы (мейіргер Е.Е.Турлыханов).	Ақпан	Тәрбие ісінің меңгерушісі Психолог, пән мұғалімдері Оқу ісінің меңгерушісі мейіргер
7	1. 9,11 сынып оқушыларының қорытынды мемлекеттік аттестаттауға дайындық барымы туралы (директор оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Т. Ашимханов) 2. «Оқуға құштар мектеп» жобасының мектепте орындалуы туралы (директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева) 3. Оқушылар дематіе кезіндегі өмір, денсаудық қауіпсіздіктерін сақтау туралы (директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева)	Наурыз	Оқу ісінің меңгерушісі Тәрбие ісінің меңгерушісі Тәрбие ісінің меңгерушісі
8	1. 9-11 сынып оқушыларының мемлекеттік қорытынды аттестаттауға дайындық барысында мектеп психологының ұсынысы туралы (мектеп психологы А.М.Қапанова). 2. «Kindelik.kz» жүйесін ұнағандық тастырылуы мен онлайн мектеп платформасымен жұмыс жасау барымы туралы (директордың оқу ісі жөніндегі	Сәуір	Психолог, пән мұғалімдері Оқу ісінің меңгерушісі

	орынбасарлары Д.Б. Утупшова, К.Т. Аширханов) 3. Мектеп аламын көгалдашдыру жұмысы туралы (директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж. Тагаева).		Тәрбие ісінің меңгерушісі
9.	1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жүргізілген жұмыстар және ата-аналардан қаражат жинауға тыйым салу туралы (мектеп директоры К.С. Байғалиев). 2. Оқулықтарды сыныптарынан қабылдап алу (кітапханашы К.К. Қумарбағинова). 3. Мұғалімдер мен қызметкерлердің кезекті ембеу демалысының кестесін бекіту туралы (мектеп директоры К.С. Байғалиев). 4. Жазғы демалыс кезінде оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау туралы (директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж. Тагаева).	Мамыр	Мектеп директоры Кітапханашы Мектеп директоры Тәрбие ісінің меңгерушісі

**Педагогикалық кеңестер
2022-2023 оқу жылы**

Р/с	Тақырыптар	Мерзімі	Жауапты адамдар
1	<p>1) «2022-2023» оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы (ӘНХ шолу)</p> <p>2) 2022-2023 оқу жылының мақсат, міндеттерімен таныстыру, бекіту.</p> <p>3) 2022-2023 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысы.</p> <p>4) 1 және 10-сыныпқа қабылдау, тізімді бекіту.</p> <p>5) Әдістемелік бірлестік құру, әдістемелік бірлестік жетекшілерін бекіту.</p> <p>6) Сынып жетекшілері бірлестігін құру, сыныптарға сынып жетекшілерін бекіту, мұғалімдердің апталық жүктемелеріндегі толықтырулар мен өзгертулерді есепке алып бекіту, аттестаттау комиссиясын бекіту туралы.</p> <p>7) 1 - қыркүйек «Білім күні» салтанатты жиын жоспарымен таныстыру, бекітуге ұсыну.</p> <p>8) Қосымша міндеттер жүктеу туралы бұйрықпен таныстыру.</p>	31.08.	<p>Мектеп директоры</p> <p align="center">ОІЖО</p> <p align="center">ТІЖО</p>
2	<p>1. I тоқсан бойынша білім сапасының қорытындысы.</p> <p>2. Орыс тілі, қазақ әдебиеті сабақтарында қолданылатын белсенді әдіс-тәсілдер түрлері.</p> <p>3. Мектепте ыстық тамақтың ұйымдастырылуы.</p> <p>4. Әртүрлі мәселелер</p>	02.11	<p align="center">ОІЖО</p> <p align="center">Гуманитарлық Ә/Б</p> <p align="center">ТІЖО</p> <p align="center">Мектеп директоры</p>
3	<p>1. 2022-2023 оқу жылының 2-тоқсанының білім сапасына сараптама.</p>	24.01	<p align="center">ОІЖО</p> <p align="center">Бастауыш сынып бірлестік мұғалімдері</p>

	<p>2. Формативтік бағалаудың тиімді әдіс – тәсілдерінің түрлері.</p> <p>3. “Жақсы көңіл – күй жан азығы” психологиялық тренингі»</p> <p>4. Мұғалімдерді аттестациялаудың ережесімен таныстыру</p> <p>5. Мектепте ыстық тамақтың ұйымдастырылуы</p> <p>6.Қосымша сұрақтар</p>		<p>ОІЖО</p> <p>ТІЖО</p> <p>Мект еп директоры</p>
4	<p>1) 2022-2023 оқу жылының ІІІ тоқсанының білім сапасына сараптама.</p> <p>2) Қорытынды аттестацияның ұйымдастырылуы .</p> <p>3) Мұғалімдерді аттестациялау (сайыстарға қатысуы, е портфолионың тотырылуы)</p> <p>4) Сабақты өткізуге цифрлық платформаларды қолдануың тиімділігі. Жаратылыстану бірлестігі.</p>	03.04	<p>ОІЖО</p> <p>ОІЖО</p> <p>Жаратылыстану Ә/Б</p>
5	<p>1.2022-2023 оқу жылының білім қорытындысы.</p> <p>Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары 2.Жазғы демалыстың ұйымдастырылуы.</p> <p>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары</p> <p>3.Мұғалімдердің рейтингісінің қорытындысы.</p> <p>4.Қосымша сұрақтар.</p>	31.05	<p>ОІЖО</p> <p>ТІЖО</p> <p>ОІЖО</p> <p>Мектеп директоры</p>
6	<p>1. 2022-2023 оқу жылындағы 9-сыныптарда қорытынды аттестаттау қорытындысы</p>	14.06	<p>Мектеп директоры</p> <p>9-сынып жетекшілері, пән мұғалімдері</p>
7	<p>1.2022-2023 оқу жылындағы 11-</p>	15.06	<p>Мектеп директоры</p>

	<p>сыныптағы қортынды аттестаттау туралы</p> <p>2. 11-сынып бойынша мақтау грамотасына ұсынылған түлектердің тізімін бекіту (11-сынып жетекшісі)</p>		<p>11-сынып жетекшісі, пән мұғалімдері</p>
--	--	--	--

Тәрбие жұмысына басшылық

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысына сараптама

2022 жылдың 1 қыркүйек күні жарқын да қуанышты, айтулы мереке - Білім күніне орай, «К.Шакенов орта мектебі» КММ-де 1-4, 5-6-сыныптарда «Біз Денсаулықты сақтаймыз», «Ұлы Абай!», «Абай - дара, Абай - дана» және «Конституция паракшаларынан» тақырыптарында тәрбие сағаттары өтті.

Тәрбие сағаттарына мектеп әкімшілігі қатысты. 2-8 қыркүйек күндері аралығында «Қауіпсіз мектеп ордасы» республикалық акция аясында базалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша «Балалық шақтың қауіпсіздігі үшін» тақырыбына 1-11 сыныптарда ата-аналар жиналыстары өткізілді. Жиналыста ата-аналарға баланың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі ата-аналар мен бірлескен жұмыс барысында да жүзеге асырылатындығы туралы айтылып, мектепке кешікпей баруы, үйге уақытысында келуі, таныс емес, бөтен адаммен сөйлеспеуі, масс және қауіпті адамнан алыс жүруі т.б. балалардың өсіп-дамуына кедергі келтіретін жағдайлардан сақ болуы туралы ескертілді.

Отбасы күні мерекесіне орай, 5-б-сынып оқушылары арасында «Отбасының сәні - сыйластық» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Аталған Тақырыпта суреттер көрмесі ұйымдастырылып, «Менің отбасым – менің байлығым» хэштегтерімен фотоколлаж жасалды. Тәрбие сағаттарында отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді сақтау туралы кеңестер беріліп, қазақ халқының қанына біткен адамгершілік, имандылық, балажандық, еңбексүйгіштік, қонақжайлылық, отаншылдық, т.б. қасиеттер отбасында қалыптасатыны жайлы әңгіме жүргізілді. 2023 жылдың 17 наурыз күні «К.Шакенов орта мектебі» КММ-де «Наурыз - 2021» мерекесі қарсаңында «Шымырлық пен шеберлік күніне» орай, дене Шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен ұлттық спорт ойындары,

Атап айтсақ, асық ату, тоғызқұмалақ, арқан тарту, ләңгі тебу ойындары ойнатылып, ұмытылып бара жатқан ұлттық ойындар да жаңғыра түсті.

Оқушылар қызығушылықпен қатысып, жүзделі орын иелеріне мақтау қағаздары мен сыйлықтар табыс етілді.

Кәсіби бағдар беру бойынша Өскемен жоғары политехникалық колледжінің Мамандары келіп, 9,11-сынып оқушыларымен оқу орнының мамандықтары, Қабылдау емтихандары және колледж жұмысының жүйесі туралы ақпарат беріп, брошюралар таратты.

2023 жылдың 17 наурызында «Іргі істер» күніне орай өзін-өзі тану пәнінің Мұғалімі А.Канешева мен мектеп тәлімгері Н.Мұратова ұйымдастыруымен 11 сынып оқушылары арасында «Табиғат- тіршілік нәрі»

Атты акциясы өткізілді. Аталған іс-шараға мектеп бітіруші түлектер белсенді қатысып, өздерінің бойларындағы жылу мен қамқорлықтарын құстарға «қуяшық» жасау арқылы білдіре алды. «Шежіре күніне» арнап сынып жетекшілер 1-6-сынып оқушыларымен қазақ халқының ұлттық ертегілерімен мультфильмдерін көрсетуді ұйымдастырып, шежіре жайлы түсінік беріп, жеті

ата ұғымының маңызы мен ролін талдап өтті. Мектептің кіре беріс дәлізінде балалар қазақтың күйін ойнап, ұлттық тағамы бауырсақтан ауыз тигіздірді. Сондай-ақ, қоңырауда ұлттық асық ату ойынына балалар белсене қатысып, жеңімпаз топқа оқуға қажет құралдар сыйға берілді. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай көпбалалы аналардың Құрметіне сынып жетекші Д.Мұхатованың ұйымдастыруымен «Ардақтайық ананы!» атты мерекелік акция өткізілді. Іс-шара барысында 9 сынып оқушылары мектеп әкімшілігі атынан «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған аналар С.Ракишева, А.Мантыбаева мерекемен құттықтап, алғыс хаттарды табыс етті. Аталған аналардың құрметіне оқушылар ән айтып, күй шертіп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Мектеп тәлімгері Н.Мұратовамен «Жігер» ұйымы мектеп дәлізінде Құттықтау акциясын өткізіп, мұғалімдер және кіші қызметкерлерді көктемнің Шуақты мерекесімен құттықтаса, мектеп оқушылары сынып жетекшілердің Ұйымдастыруымен көркем еңбек сабақтарында «Анама хат» атты ашық Хаттарын жасап, аналарына тілектерін жеткізе білді.

2023 жылдың 16 наурызы күні «К.Шакенов орта мектебі» КММ-де «Шежірекүніне» арнап сынып жетекшілер Т-б-сынып оқушыларымен қазақ халқының ұлттық ертегілері мен мультфильмдерін көрсетуді ұйымдастырып, шежіре жайлы түсінік беріп, жеті ата ұғымының маңызы мен ролін талдап өтті. «К.Шакенов орта мектебі» КММ 2023 жылдың 17 наурызында «Игі істер» күніне орай өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі А. Канашева мен мектеп тәлімгері Н.Мұратова ұйымдастыруымен 11-сынып оқушылары арасында

«Табиғат - тіршілік нәрі» атты акциясы өткізілді. Аталған іс-шараға мектеп бітіруші түлектер белсене қатысып, өздерінің бойларындағы жылу мен қамқорлықтарын құстарға «ұяшық» жасау арқылы білдіре алды. «Наурыз - 2023» мерекесі қарсаңында «Шымырлық пен шеберлік күніне» орай, дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен ұлттық спорт ойындары, атап айтсақ, асық ату, тоғызқұмалақ, арқан тарту, ләңгі тебу ойындары ойнатылып, ұмытылып бара жатқан ұлттық ойындар да жаңғыра түсті. Оқушылар қызығушылықпен қатысып, жүлделі орын иелеріне мақтау қағаздары мен сыйлықтар табыс етілді. «Тарихқа тағзым күні» есептелетін бұл күні мектеп дәлізінде көркем еңбек пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен ұлттық қолөнер бұйымдарынан көрме ұйымдастырылып, ұстаздарға, оқушыларға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Тәуелсіздік жолында жанын пидә еткен тұлғаларды насихаттау мақсатында тарих пәні мұғалімдері Н.Алғабасовна, А.Қуатова

7-8-сынып оқушыларымен

онлайн-кездесу өткізді. Аталған шараға қонақ ретінде қатысқан Ауған соғысының ардагері С.Бажаев оқушылармен ел тарихына үңіліп, егемендік алу жолында қаза тапқан батыр бабаларымыз туралы, тарих белестері жайлы әңгіме құрып, өз тарихымен де бөлісті.

Аталған күні мектеп кітапханашысы Қ.Кумарсагитованың ұйымдастыруымен «Буккроссинг», «Ертегілер елінде», «Әжемнің ертегілері» тақырыптарында әңгіме жүргізіліп, оқушыларды кітапханаға кітап оқуға шақырды. Сонымен

катар, сынып жетекшілер отбасымен кітап оқуға күштар балалардың «Отбасылық кітапхана рәті» кешін ұйымдастырды.

Мектеп психологы 5 сынып оқушыларымен психологиялық жұмыс жүргізді. Психологиялық жұмыс барысында оқушылар ойын-жаттығулары арқылы өздеріне деген сенімділіктерін дамытты. Тренинг соңында оқушылардың қарым-қатынастары жақсарып, бір-бірлеріне деген достық пейілдері арта түсті.

Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мейрамына орай оқушыларды атадан қалған мұраларды сақтауға, мағынасын терең ойлап түсінуге, қазақ халқының салт-дәстүрлерің бағалай білуге баулау мақсатында 1-11 сыныптарда «Наурыз жалпыұлттық бірлік мерекесі!» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Іс-шара барысында оқушыларға қазақ ұлтының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы, өнері, қолөнері көрсетіліп, ұлттық ойындар ойнатылып, бейнероликтер, слайдтар арқылы қазақстандық патриотизм, достық пен бірлігіміз, еңбек пен татулығымыз туралы түсінік әңгімелер жүргізілді. Дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен "Салауатты өмір салтын қолдаймыз!" атты 8-сынып оқушылары арасында ұлттық ойындар жарысы өтті. Жарыс барысында "Гір көтеру", "Арқан тарту", "Ләңгі" атты ұлттық ойындар ұйымдастырылып, балалар асқан белсенділік танытты. Оқушылардың демалыс күндерін тиімді өткізу мақсатымен 7-8-сынып оқушылары ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын тыңдап, деректі фильмдер, бейнероликтер тамашаласа, 9-10-сынып оқушылары көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағытында ата-әже, ата-аналарымен бірлесіп, сурет салып, құрақ құрап, отбасылық қолөнермен шұғылданды және жасаған заттарын сыйға тартты. Сондай-ақ, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағытында өз үйлерінің аудасын қарлап тазалап, ата-аналарына үй шаруасына көмектескен фотосуреттерімен бөлісті. «Қазақстан балаларын - көктем шақырады» атты көктемгі демалыс кезіндегі жоспарға сәйкес көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағытында сынып жетекшілер 1-11-сынып оқушыларына қазақстандық режиссерлердің танымдық фильмдерінің көрсетілімін ұйымдастырды. Оқушылар көктемгі демалыс күндерінде аталған санаттағы түрлі фильмдерді көріп, бос уақыттарын тиімді өткізді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында 1-8-сыныптардың сынып жетекшілері «Кітаптар және түйінді ой» тақырыбында кітапханашының қатысуымен бірыңғай оқу сағаттарын өткізді. Осылайша болашақ жас оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттырып, жан-жақты дамыған баланы тәрбиелеуге тағы бір қадам жасады. Көркем-эстетикалық бағытта көркем еңбек пәні мұғалімі Б.Қ.Бейсенбин және мектеп тәлімгері Н.Мұратова 5-7-сынып оқушылары арасында рухани-адамгершілік тәрбиесі бағытында «Қайырымдылық - қадірлі іс!» атты фотоколлаж ұйымдастырды. Фотоколлажға оқушылар өздерінің ата-аналарына көмегін, жануарларға деген мейірімділік сезімдерін, күнделікті өмірде жасайтын игі істерінің бейнесін түсірді.

«Жүректен-жүрекке» акциясы аясында сынып жетекшілер демеушілер арқылы

6 оқушыға көмек көрсетті. Оқушылардың жазған арман-хаттарына сәйкес спорттық киім, көктемгі пальто және мектепке арналған сөмке сыйға тартылды. Акцияға белсенділік танытқан демеушілеріміз жеке кәсіпкерлер М.Букуров, Б.Тастағанова, Ж.Құрман

9-11-сынып оқушыларымен «Семей» медициналық колледжі мекемесінен мамандар келіп, медицина саласына қызығушылығы бар оқушыларды өз мекемелерінен білім алуға шақырып, түсіндірме жұмысын жүргізді. Болашақ түлектер өздерін толғандырған сұрақтарды қойып, өздеріне қажет жауап алды. Мектеп кітапханашысы Қ.Кумарсағитова және сынып жетекшілер С.Нұрмухамедова, А.Рахимғалиева «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2-3-сынып

оқушыларымен балалар әдебиетінің тусаукесерін өткізді. Ұйымдастырушылар оқушыларға жоба барысының жұмысы жайлы түсіндірме жұмысын жүргізіп, жас оқырмандарды ертегі, балалар әдебиетін оқуға шақырды.

Оқу орнына білім алуға шақырды. Оқушылар қызығушылық танытып, туындаған сұрақтарына тиісті жауап алды.

2023 жылдың 10-26 сәуір аралығында «Қазақстан- мейірімділік мекені» атты республикалық бастамасының аясында балаларды айналасындағы көмекке мұқтаж адамдарға бағытталған игі істер жасауға ынталандыру іс-шараларын ұйымдастыру, қоршаған ортаға деген мейірімді қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Табиғат-тіршілік нәрі» атты құс үйін жасау акциясы өткізілді. Акцияға 1-4 сынып оқушылары белсене қатысты. Іс-шара барысында оқушылар ата-аналарымен бірлесіп құстарға ұя жасап, тоғайларға іліп, тамақ берді. Аталған шара балалардың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді дамытуға өз септігін қосты. Осы бағыттағы шаралар алдағы уақытта да өз жалғасын табатын болады.

«2023 жылдың 30 сәуірінде 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесіне арналған 1-4 сынып оқушыларына халықтар арасындағы достықты нығайту, оқушылардың достық қарым-қатынастарын қалыптастыруды жалғастыру, Қазақстанның өркендеуіне достық арқылы өз үлестерін қосуға баулу мақсатында «Бірлігіміз жарасқан» тақырыбында бірыңғай сынып санаттары өткізілді. Іс-шара барысында оқушыларға еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың жол-жоралары туралы, қазақстандық патриотизм, достық пен бірлігіміз, мәдени саналуандығымыз туралы түсінік әңгімелер жүргізіліп, бейнероликтер, слайдтар ұсынылды. Аталған шара балалардың бойына қазақстандық құндылықтар, рухани-адамгершілік қасиеттерді дамытуға өз септігін қосты. Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесіне орай, бастауыш сынып мұғалімі Калиева А.К. 1-3-сыныптар арасында «1 мамыр - ерекше бірліктің мерекесі» атты суреттер көрмесін ұйымдастырды. Оқушылар бірлік пен ынтымақтың нышаны бейнеленген өз туындыларымен бөлісті.

Мектеп психологы А.Каванева 5 "А" сынып оқушыларымен «Достық мекені!» тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг барысында оқушылар «Менің ойымша ол...» жаттығуын орындап, "Достық шеңбері" ойынын ойнады. Тренинг соңында оқушылар ұйымшылдық пен бірліктің маңызын түсінді және

қызықты психологиялық ойындар арқылы өздерін жаңа қырлардан көрсете білді.

30 сәуір күні «К.Шакенов орта мектебі» КММ-де мектеп психологы З «Ә» сынып оқушыларымен «Жағымды қарым-қатынас» тақырыбында психологиялық жұмыстар жүргізді. Психологиялық жұмыстың мақсаты; оқушылар арасында өзара сыйластық қарым-қатынастырын дамыту және сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату. Психологиялық жұмыс барысында сынып оқушылары арт-терапияның бір элементі ретінде «жұмыртқаның» қабығын бояды. Арт-терапияның бұл элементі оқушының қызығушылығын пайдалана отырып, ішкі көңіл-күйлерін ашып көрсетуге және өзінің ішкі толғаныстары мен қобалжуын төмендетуге мүмкіндік береді.

Тренинг соңында оқушылар «Достық жолы» ойыны арқылы ұйымшылдықтарын көрсете білді. 7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне арналған мектепшілік «Сап және ән» байқауы өткізілді. Байқауға 7,8,9-сынып оқушыларының командалары репорт беру, сапта ән айту бойынша өзара сайысқа түсіп, жүлделі орындармен марапатталды.«К.Шакенов орта мектебі»КММ-нің

тәлімгері Н.Мұратова,өзін-өзі тану пәні мұғалімі А.Канашеваның ұйымдастыруымен 8-10-сынып оқушыларымен УОС ардагерлері мен Еңбек ардагерлеріне көмек көрсету мақсатында «Қарттарым - асыл қазынам» атты акция өткізді. Оқушылар еңбек ардагері Л.Шамсуддинованың үйіне барып, жаздық бақшасына жер қазып, ауласын тазалауға көмек көрсетіп қайтты. Балалар ұстаздарының бастамасымен қарт адамға көмектесу арқылы сыйластық, үлкендерді бағалай білу және мейірімділік қасиеттерін бойларына сіңіріп, игі іс атқарды.

2023 жылдың 5 мамыр күні «К.Шакенов орта мектебі» КММ-де АӘД пәні мұғалімі Калиев.Қ.А. және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жылдығына орай 10-сынып оқушылары

арасында «Тәуелсіз елдің Жас ұланы» атты әскери-спорттық жарыс өткізілді. Жарыс барысында балалар Калашников автоматын толық емес бөлшектеу және қайта жинақтау, белтемірге тартылу, гір тасын көтеру, арнайы қорғаныс костюмін кию, пневматикалық мылтықтан ату сияқты спорттың әскери-қолданбалы түрлерінен өзара жарысты. Нәтижесінде 10 «А» сыныбы ІІ орынды, 10 «Б» сыныбы жүлделі І орынды иеленді. Сондай-ақ, оқушылар жекелей марапаттарға ие болды.

Көркем еңбек пәні мұғалімі Бейсенбин.Б.Қ, мектеп тәлімгері Н.Мұратова «Ардагерлер - Отан үшін от кешкендер!» тақырыбына фото көрме әзірледі. Көрмеге 5-11-сыныптардың оқушылары Жарма ауданынан шыққан УОС ардагерлерінің фото суреттерін ұсынып, ата-баба ерлігін құрметтеуді және есте сақтауды дәріптеді.

2023 жылдың 11 мамыр күні «К.Шакенов орта мектебі» КММ-де мектепшілік ата-аналар комитетінің төрайымы қатысуымен мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібіне қойылған сұрақ «2020-2021 оқу жылында

атқарылған жұмыстар және бюджеттен бөлінген қаражаттың жұмсалуды туралы" бойынша мектеп директоры Қ.С.Байғалиев есеп берді. Жиналыс барысында қойылған сұрақтарға ата-аналар толық жауап алды. 2023 жылдың 13 мамыр күні «К.Шакенов орта мектебі» КММ-де мектеп кітапханашысы Қ.К.Кумарсағитованың ұйымдастыруымен «Кітап оқитын отбасы»

атты семинар өткізілді. Семинарға жеті отбасы қатысып, кітап қорымен таныстырды. География пәнінің мұғалімі Сулименова С.М. оқыған кітабының авторы мен мазмұны жайлы айтып өтіп, отбасымен кітап оқуға шақырды. Сондай-ақ, кітапханашы ата-аналарға баланы кітап оқуға баулудың жолдары туралы кеңестер берді.

Қоғамда отбасылық құндылықтарды насихаттау, отбасын, ата-анасын, туыстары мен жақындарын бағалау, құрметтеу сезімдерін кеңейту, отбасындағы қарым-қатынастың беріктілігін нығайту және ұрпақтар сабақтастығын дамыту мақсатында «К.Шакенов орта мектебі» КММ-де 15 мамыр - Халықаралық Отбасы күні аясында «Отбасы сағаты» республикалық акция ұйымдастырылды. Акцияға 1-9-сынып оқушылары мен ата-аналары белсене қатысып, отбасылық құндылықтар насихатталды.

«К.Шакенов орта мектебі» КММ-нің 9-сынып оқушыларына кәсіптік Бағдар беру мақсатында Семей көп салалы колледжі мен Семей инновациялық колледжінің мамандарының оқу орнына шақыру брошюралары таратылып, аталған оқу орындарында дайындалатын мамандықтар жайлы ақпарат берілді. Оқушылар қызығушылық білдіріп, мамандық таңдау бойынша туындаған сұрақтарына жауап алды. Ата-аналарды 2022-2023 оқу жылының қорытындылары туралы хабарлар етумақсатында жалпыреспубликалық ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналысқа 20 сыныптан 96 ата-ана қатысты. Күн тәртібіне қойылған сұрақтар бойынша

ақпарат беріліп, ата-аналар жазғы мектеп, жазғы демалыс, мектеп формасы туралы мағлұматтар алды.

2023 жылдың 30 мамыр күні "К.Шакенов орта мектебі" КММ-де 1-8, 10-сыныптарға өткен сынып сағаттарында оқушылар аудандық, облыстық, республикалық жүлделермен және үздік оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды. 31 мамыр күні "К.Шакенов орта мектебі" КММ-де 11-сынып түлектеріне арналған "Сыңғырла, соңғы қоңырау" атты салтанатты жиын өткізілді. Жиынға құрметті қонақ ретінде Жарма ауданы әкімі аппараты, ұйымдастыру бөлімінің басшысы катысып, мектеп директоры

Қ.С.Байғалиев мектеп өмірі мен оның қоғамдық тынысына белсенділік танытып,

баланың тағылымды тәрбие мен сапалы білім алуына үлес қосқан ата-аналарды алғыс хатпен марапаттады. Сондай-ақ, жас түлектердің құрметіне ән шырқалып, бүгінгі күні "Алтын ұя" мектептерімен қоштасып, «өмір» атты ұлы таулы бетке алып ұшып бара жатқан түлектердің қимас тілектерімен ұласты.

"Мың бала" республикалық мәдени-ағартушылық жобасы аясында Халықаралық балаларды қорғау күніне орай, сондай-ақ, «Күншуақ» лагерінің ашылу салтанаты ретінде «Біз бақытты баламыз!» атты мерекелік шара өткізілді. Шара барысында 3-сынып оқушысы Шәмелхан Аңсағанның орындауында «Мен қарақтың баласымын», Қайрат Аяна «Біздің әлем» әндерінен шашу шашылса, «Қыздар» тобы «До ре ми» биін билеп, 4-сынып оқушыларының бишілерінің орындауында тау халқының биінен де көрініс тапты.

Іс-шараның соңында балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау мақсатында

балмұздақ таратылып, түскі ас берілді.

Шығармашылық байқауында «К.Шакенов орта мектебі» КММ-нің 17 оқушысы томендегідей жетістіктерге ие болды.

2023 жылдың 4 маусым күні «К.Шакенов орта мектебі» КММ-де Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне орай суреттер көрмесі және «Рәміздерім - мақтанышым» атты іс-шара өткізілді. Оқушылар еліміздің Туын, Елтаңбасын бейнелеп, құрметтерін көрсетті. Іс-шара барысында «Көк тудың желбірегені әлі шырқалып, викториналық сұрақтар қойылып, Рәміздерді құрметтеу, қастерлеу насихатталды. Оқушылардың жазғы демалысын тиімді өткізу мақсатында Жарма ауданының киелі жерлерін таныстыру үшін сынып жетекшісі Д.Адалбекованың ұйымдастыруымен «К.Шакенов орта мектебі» КММ -нің 10-сынып оқушылары «Ер Жәнібек» кесенесіне барып, демалып қайтты. Сондай-ақ, батырдың өмірбаянымен танысып, өздеріне көптеген тарихи мәліметтер алды. 9-сыныптарда аттестат беру салтанатты жиыны өтті. Іс-шара барысында мектеп директоры құттықтап, аттестаттарды табыс етті.

2023 жылдың 14 маусым күні «К.Шакенов орта мектебі» КММ-де мектеп түлектеріне аттестаттапсыру салтанатты жиыны өтті. Жиынға қадірлі қонақ ретінде қатысқан түлектерді құттықтап, "Алтын белгі" белгісінің иегерлеріне төс белгілер табыстады. Аттестаттарды табыстау салтанатты рәсімін өткізу құрметі мектеп директоры Қ.С.Байғалиевке берілді. Сондай-ақ, түлектердің алғашқы ұстаздары Г.Ж.Тағаева, А.Р.Калиева ақ тілектерін жаудырып, сәт сапар тіледі.

2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жоспары

Мақсаты:

- оқушылардың Қазақстандық ұлтжандылығы мен азаматтығын қалыптастыру;
- оқушылардың үйлесімді жан-жақты тұлғасын дамыту;
- жоғары мәдениетке және шығармашылық әулетке ие адамды тәрбиелеу

Міндеттері:

- оқушылардың өзіндік дамуы мен өзіндік айқындалуын педагогикалық қолдау жүйесін жетілдіру;
- әр оқушының шығармашылық қабілеттерін оңтайлы ашу үшін жағдайлар ашу үшін жағдайлар жасау
- оқыту семинарлары арқылы сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігін арттыру;
- баланы тәрбиелеуде ата-аналар мен педагогтардың өзара әрекеттесуін кеңейту;
- оқушыларда бастамашылдықты және дербестікті тәрбиелеу;

1 қыркүйек Білім күні

Қыркүйек Тілдер айлығы

1-10 қыркүйек Жол-көлік жаракаттарын алдын алу онкүндігі

№	Іс-шара	Формасы	Мерзімі	Жауапты
Бағыты		«Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие»		
1	Білім күні «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»	Тізіліс 1-11 сыныптар Сынып сағаттары 1-11 сыныптар	1-қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сынып жетекшілер
2	«Қамқорлық» Мектепке жол акциясын ұйымдастыру	Акция	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
3	«Менің құқығым мен міндеттерім» тәрбие сағаттары, танымдық бейнефильмдер көру	Бейнефильм көрсету Сынып сағаттары		
4	«Құқық бұзушылықтың алдын алу-басты міндет	Сынып сағаттар Кездесулер	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары АІБ қызметкерлері
5	Қамқоршылық кеңесінің отырысын өткізу	Отырыс	Қыркүйек Қаңтар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Бағыты		Отбасылық тәрбие		
6	«Отбасы – бақыт мекені» Республикалық іс-шараға қатысу	Онлайн	Қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сынып жетекшілер

Бағыты		Дене тәрбиесі		
7	«Жеке бас тазалығын сақтау- тұмаудан сағанаудың басты жолы» алдын алу шаралары	Таным сағаты	Жыл бойы	Сынып жетекшілер
Бағыты		Ұлттық тәрбие		
8	А. Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл	Таным сағаты	Қыркүйек	Гуманитарлық пән бірлестігі Бастауыш сынып бірлестігі
1-қазан Қарттарды құрметтеу күні 3-қазан Ұстаздар күні 10-қазан Еңбек күні Рост. Бағланованың 100 жылдығы				
Бағыты		Рухани адамгершілік тәрбие		
9	«Қарттарым- асыл казынам»	Сынып сағаттары	Қазан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мектеп тәлімгері
10	«Ұстаз- мектептің жүрегі» құттықтау бейнеролигі	Мектепшілік	Қазан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мектеп тәлімгері

Бағыты		Көпмәдениетті және көркем- эстетикалық тәрбие	
11	«Күз-береке,күз-мереке»	Қазан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тағаева Мектеп тәлімгері Н.С. Мұратова Сынып жетекшілер
Бағыты		Ұлттық тәрбие	
12	А.Байтұрсынұлының 150 жылдығы аясында іс-шаралар	Қазан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
13	Ә.Нұршайықовтың 100 жылдығы	Қазан	Кумарсағитова К.К Сынып жетекшілер
	Қазыбек бидің 355 жылдығы	Қазан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру			
16- желтоқсан - Тәуелсіздік күні Жаңа Жылдық іс-шаралар			
14	«Тұғыры биік Тәуелсіздік»		Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
15	Бағыты	Ұлттық тәрбие	
	М.Әуезовтың 155 жылдығы		
Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие			
16	10-қазан Еңбек күні	Тізіліс	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сынып жетекшілер
Отбасылық тәрбие			
17	«Жаңа жыл-жаңа жыр»		Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты			
18	«Қыз тәрбиесі –ұлт болашағы» денсаулықты сақтау бойынша кездесу	Қаңтар	Аналар мектебі мүшелері Сынып жетекшілер

Рухани зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі			
19	«Оқырман ұлт» атты кітап оқу жобасы	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
Рухани-адамгершілік тәрбие			
НАУРЫЗ			
1 наурыз – алғыс айту күні 8 наурыз – халықаралық әйелдер күні 21, 22 наурыз – Наурыз мейрамы			
Рухани-адамгершілік тәрбие			
20	«Ізгіліктің бір ізі-алғыс айту» алғыс айту күніне қайырымдылық, танымдық шаралары	Наурыз	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мектеп тәлімгері Мектеп психологі
Көркем-эстетикалық тәрбие			
21	«Сыйынар ем ана деген тәңірге» мерекелік концерт	Наурыз	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
22	«Ұлыстың ұлы күні - Наурыз»	Наурыз	Сынып жетекшілер
Сәуір			
23	Денетәрбиесі, салауатты өмірсалты «Темекіден, насыбайдан аулақ бол» алдын алу шаралары	Сәуір	Сынып жетекшілер
Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие			
24	«Экосенбілік» науқаны (айналаны абаттандыру шаралары)	Сәуір	
МАМЫР			
1 мамыр–Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр- Жеңіс күні 31 мамыр–Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні			
Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, Құқықтық тәрбие; ұлттық, отбасылық тәрбие			
25	Қазақстан халықтарының бірлігі күні (жеке жоспар)	Мамыр	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
26	«Мен әкемді мақтан етемін» атты Отанқорғаушылар күніне арналған әкелерді құттықтау шаралары.	Мамыр	Сынып жетекшілер
27	«Сап және ән» мектепшілік әскери-	Мамыр	Директордың тәрбие

	патриоттық сайысы		ісі жөніндегі орынбасары АӘД жетекшісі Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
Рухани-адамгершілік тәрбие			
28	«Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс» 9 мамыр күніне арналған шаралар (жеке жоспар)	Мамыр	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары АӘД жетекшісі Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие			
29	«Менің гүлзарым» мектеп алды көгалдандыру акциясы	Мамыр	Биология пәнінің мұғалімі Сынып жетекшілер

**2022 – 2023 оқу жылына арналған салауатты өмір салтын қалыптастыру
жоспары**

№	Спорт түрі	Өтетін уақыты	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1	Денсаулық күні	Қыркүйек	Денешынықтыру пәні мұғалімдері	Салауатты өмір салтын насихаттау
2	Қыздар арасында волейболдан мектеп біріншілігі	Қыркүйек	Мукашгаев.Н.Н	Оқушылар арасында спорт түрін насихаттау
3	Шахмат және тоғыз құмалақтан мектеп біріншілігі	Қыркүйек	Нысанғалиев.А.А Нысанғалиев.М.Т	Үздік нәтиже көрсету
4	жасөспірімдер арасында шағын-футболдан мектеп біріншілігі	Қазан	Мукашгаев.Н.Н	Үздік нәтижеге қол жеткізу
5	Үстел теннисінен 5-11 сыныптар арасында жарыс	Қазан	Калиев.К.А	Салауатты өмір салтын насихаттау
6	Волейболдан қыздар арасында мектеп біріншілігі	Қазан	Мукашгаев.Н.Н	Үздіктерді анықтау
7	Тоғызқұмалақтан мектеп біріншілігі	Қазан	Нысанғалиев.М.Т	Іріктеу жүргізу
8	Ұлдар арасында волейболдан 7-9 сыныптар жарысы	Қазан	Нысанғалиев.М.Т	Іріктеу жүргізу
9	Мұғалімдер арасында волейбол,баскетболдан аудандық жарысқа дайындық	Аптасына 2 рет	Денешынықтыру мұғалімдер	Салауатты өмір салтын насихаттау
10	Шахматтан мектеп біріншілігі командалық	Қазан	Нысанғалиев.А.А	Салауатты өмір салтын насихаттау
11	Ұлдар арасында волейболдан жарыс	Қараша	Нысанғалиев.М.Т	Аудан біріншілігіне дайындау
12	Баскетболдан қыздар арасында мектеп біріншілігі	Қараша	Нысанғалиев.М.Т	Оқушылар арасында спорт түрін насихаттау
13	Тоғызқұмалақтан мектеп біріншілігі	Қараша	Нысанғалиев.М.Т	Оқушылар арасында спорт түрін насихаттау
14	Қыздар арасында волейболдан аудан біріншілігіне дайындық	Қараша	Мукашгаев.Н.Н	Оқушылардың денсаулығын нығайту
15	6-8 сыныптар арасындағы шағын-футболдан мектеп біріншілігі	Қараша	Мукашгаев.Н.Н	Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру
16	Дойбыдан мектеп біріншілігі, жекелей	Желтоқсан	Мукашгаев.Н.Н	Үздіктерді анықтау
17	ҚР Тәуелсіздігіне	Желтоқсан	Нысанғалиев.А.А	Оқушылардың

	арналған,8-11 сыныптар арасында баскетболдан жарыс			денсаулығын нығайту
18	Футболдан мектеп біріншілігі	Қаңтар	Мухаштаев.Н.Н	Оқушылардың денсаулығын нығайту
19	Шаңғыдан мектеп біріншілігі	Қаңтар	Денешынықтыру пәні мұғалімдері	Оқушылардың денсаулығын нығайту
20	4,7,9,11 сыныптарда Президенттік тест тапсыру,қысқы түрінен	Ақпан	Мектеп әкімшілігі Пән мұғалімдері	Нормативтердің орындалуы
21	«Әкем-шешем» және мен, отбасылық сайысы	Ақпан	Денешынықтыру пәні мұғалімдері	Салауатты өмір салтын насихаттау
22	Мұғалімдер арасындағы үстел ойындарынан жарыс: шахмат,дойбы, тоғызқумалық,үстел теннисі	Ақпан	Денешынықтыру пәні мұғалімдері	Аудандық спартакиадаға іріктеу
23	Женіл атлетикадан мектеп біріншілігі	Наурыз	Нысанғалиев.А.А	Үздіктерді анықтау
24	4,7,9,11 сыныптарда Президенттік тест тапсыру	Мамыр	Денешынықтыру Пән мұғалімдері	Нормативтердің орындалуы

**«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ бойынша
Әкелер мектебінің жұмыс жоспары
2022-2023 оқу жылы**

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Әкелер мектебінің жоспарын бекіту.	Қыркүйек	Әкелер мектебінің төрағасы
2	Әкелер мектебінің отырысын өткізу.	Тоқсанына I рет	Әкелер мектебінің мүшелері
3	Жалпы мектепшілік іс-шаралар кезінде ерікті жасақтың кезекшілігін ұйымдастыру.	Мектеп жоспары бойынша	Әкелер мектебінің мүшелері
4	Тәрбие жұмысы бойынша әкімшілік жиналыстарына қатысу.	Жоспары бойынша	Мектеп әкімшілігі Әкелер кеңесінің мүшелері
5	Кешкі уақытта мұғалімдермен бірлескен рейдтер жүргізу.	Кесте бойынша	Мектеп психологтары сынып жетекшілер мектепшілік ата-аналар бірлестіктерінің мүшелері
6	«Қолайсыз» отбасыларды: мектепшілік есепте тұрған оқушылармен құқық бұзушылықтардың алдын-алу жөніндегі әңгімелер жүргізіп, балалардың отбасын аралау.	Жылы бойы	Әкімшілік әкелер мектебінің мүшелері
7	Мектеп ережесін бұзушы балалармен алдын-алу жұмыстарын жүргізу.	уақытында	Әкелер мектебінің мүшелері
8	Ер балалармен темекі шегудің, ішімдіктің, нашакорлықтың зияны туралы алдын-алу әңгімелері (мамандармен кездесу)	Спорттық іс-шаралар жоспары бойынша	Әкелер мектебінің мүшесі
9	Оқушылардың денсаулықтарын сақтау жұмыстарына ықпал ету, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына тарту.	Спорттық іс-шаралар жоспары бойынша	Әкелер мектебінің мүшелері
10	Әртүрлі жалпы мектепшілік іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге көмек жасау.	Жыл бойы	Әкелер мектебінің мүшелері
11	«Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» тақырыбында	Қаңтар	Әкелер мектебінің мүшелері

	кеш ұйымдастыру.		
12	«Ана алақанының аясы, ақ шынардың саясы» мерекелік кеш	Наурыз	Әкелер мектебінің мүшелері
13	7-9 мамыр мерекелерін ұйымдастыру.	Мамыр	Әкелер мектебінің мүшелері
14	Жыл бойы атқарылған жұмыстарды қорытындылау.	мамыр	Әкелер мектебінің мүшелері

**«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ бойынша
аналар мектебінің жұмыс жоспары
2022-2023 оқу жылы**



№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Аналар мектебінің жоспарын бекіту.	Қыркүйек	Аналар мектебінің төрағасы
2	Аналар мектебінің отырысын өткізу.	Тоқсанына I рет	Аналар мектебінің мүшелері
3	Оқушыларды тәрбиелеу мәселелері бойынша әкімшілік жиналыстарға қатысу	уақытында	Мектеп әкімшілігі Аналар кеңесінің мүшелері
4	Сабақты себепсіз босатқан оқушылармен жұмыс жүргізу.	Қажет еткенде	Аналар мектебінің мүшелері
5	«Қолайсыз» отбасыларды: мектепшілік есепте тұрған оқушылармен құқық бұзушылықтардың алдын-алу жөніндегі әнгімелер жүргізіп, балалардың отбасын аралау	Жылы бойы	Әкімшілік аналар мектебінің мүшелері
6	Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға көмек көрсетуді ұйымдастыру.	Қажет еткенде	Аналар мектебінің мүшелері
7	«Қызға қырық үйден тыйым» зиянды әдеттердің салдары туралы әнгіме.	Тоқсан сайын	Аналар мектебінің мүшелері, мектеп медбикесі
8	«Анашымның қолымен» колөнер сайысы	Наурыз	Аналар мектебінің мүшелері
9	Әр түрлі жалпы мектепшілік шараларды ұйымдастыру мен өткізуге көмек көрсету.	Жыл бойы	Аналар мектебінің мүшелері
10	«Қыз өссе-елдің көркі» тақырыбында тәрбиелік кездесу ұйымдастыру.	Қаңтар	Аналар мектебінің мүшелері
11	«Ана алақанының аясы, ақ шынардың саясы» мерекелік кеш	Наурыз	Әкелер мектебінің мүшелері
12	Жыл бойы атқарылған жұмыстарды қорытындылау.	Мамыр	Аналар мектебінің мүшелері

2022 – 2023 оқу жылындағы мектепшілік жалпы ата – аналар жиналысының жұмыс жоспары.

№	Күн тәртібі	Мерзімі	Жауаптылар
1	<p>1. Тақырыбы: «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзышылықтың алдын алу» тақырыбында баяндама.</p> <p>2. Күзгі демалыс кезіндегі балалардың өмір, жол (жаю жүргіншілер, көлік) қауіпсізлігі туралы.</p> <p>3. Әр түрлі мәселелер. а) «Оқуға құштар мектеп» жобасының жүзеге асырылуы. ә) Ішкі тәртіп ережесі.</p>	28.10.2022	<p>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Тагаева Г.Ж</p> <p>Алғашқы әскери даярлық жетекшісі А.Калиев</p> <p>К.Кумарсагитова, мектеп кітапханашысы</p> <p>Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Ашимханов</p>
	<p>1.«Өмір деген тамаша, өмір деген ғажайып» тақырыбында баяндама.</p> <p>2.Мектеп Парламентінің жұмысы туралы.</p> <p>3.Қазіргі таңдағы буллинг, кибербуллингтің оқушы өміріне әсері.</p> <p>4.Оқушылар арасында қылмыс пен құқық бұзушылыққа қараусыз қалудың алдын алу және жолын кесуге уақытында шара қолдану</p>	14.04.2023	<p>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тагаева Г.Ж</p> <p>Мектеп тәлімгері Муратова Н Кәмелеттік жасқа толмағандар аға инспекторы, полиция аға лейтенанты Мамилов Медет</p> <p>Жарма ауданық білім бөлімінің әдіскері Увалиева Г.</p>

«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ –нің психологының

2022 - 2023 оқу жылының жылдық жұмыс есебі

2022-2023 оқу жылында психологиялық қызметтің жұмыс жоспары құрылып, жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылуда. Психологиялық қызметтің мақсаты: Білім алушының жас ерекшелігіне қарай оқыту, тәрбиелеу және рухани адамгершілік дамуына қолайлы жағдай жасай отырып, психологиялық денсаулығын қамтамасыз ету. Психологиялық ойын арқылы балалардың «ойынды» әртүрлі ережелерді сақтауға үйрету, балаларды біріктіру өзара сенім жағдайын құру мақсатында коррекциялық түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп отырады. Оқу жылдың басында қазан қараша айларында және наурыз сәуір айларында балалармен зерттеу жұмыстары жүргізіліп, таным процесстері анықталып мониторингі шығарылды.

